

**2022 -2023 оқу жылына арналған «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі  
Интернациональнй ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
КММ қарасты «Сәулем» шағын орталығының  
жұмыс оқу жоспарына түсіндірме жазба**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру және 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде өткізу мақсатында «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Интернациональнй ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ 2022 жылғы 28 тамыздағы №41 бұйрығына сәйкес «Білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін анықтау туралы» жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Жұмыс оқу жоспары Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде, ҚР оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бекітілген (1қосымша) және ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (2022 жылғы 9 қыркүйекте № 394 енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде құрылды және де шағын орталықта білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшелігін көрсетеді.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының құрылымына сәйкес келеді.

Жұмыс оқу жоспарында ұйымдастырылған қызмет келесі жас топтары бойынша қарастырылған:

- ортаңғы топ - 3 жастағы балалар
- ересек топ - 4 жастағы балалар
- мектепалды топ - 5 жастағы балалар

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында білім беру мен тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік – нұсқаулық хаттың негізгі ережелері қолданылады.

Балаларды мектепке дейінгі даярлаудың негізгі мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оның мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әрбір баланың әлеуетін тұтастай дамыту және ашу; тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, - өмірін қорғау, денсаулығын нығайту; тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту; балаларды Отанға, ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

103